

ОӘК 347.78.034

**ҚАЗАҚ ЖӘНЕ АҒЫЛШЫН ТІЛДЕРІНДЕГІ КЕЙБІР ТҰРАҚТЫ ТІРКЕСТЕРДІҢ
БАЛАМАЛЫЛЫҒЫ**

Саткен Аяулым

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, аударма ісі мамандығының 2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: Ph.D докторы Нұрмира Жұмай

Әрбір ұлттың басты ерекшелігі ол – тілі. Әр тілдің сөздік қорын бағамдай отырып, сол халықтың толық өмірін, тарихын, тұрмыс-тіршілігін, кәсібі мен саяси, мәдени ақпарынан хабардар болуға болады. Аталған шағын ғылыми зерттеуімізде қазақ және ағылшын тілдеріндегі кейбір тұрақты тіркестерді салыстыра келе, екі ел мәдениеті мен рухани болмысынан ұқсастықтар табу, сол ұқсастықтардың тұрақты тіркестер бойында кездесуіне талдауға талпыныс жасалады.

Жалпы фразеология (грек тілінің *phrasis* - "сөйлемше", *logos* - "ұғым", "ілім" деген сөздері) термині біріншіден, тіл-тілдегі тұрақты тіркестердің жиынтығы деген мағынада, екіншіден, тұрақты тіркестер туралы ілім деген мағынада қолданылады. Тұрақты сөз тіркестері деп әбден қалыптасып, нық орныққан, өзгертуге келмейтін сөз тіркестерін айтамыз [1, 28].

Фразеологизм - ол компоненттерінің ерекшеліктерін сақтап қалған тұрақты айналым . Осы фразеологиялық айналымда құрамына кіретін әрбір сөздің өз мағынасы бар болғанымен

біріккен кезде ауыспалы мағына пайда болады . Көбінесе фразеологиялық бірлігіне мысал ретінде метафора сияқты әртүрлі стилистикалық тәсілдер мен көркемдік құралдар беріледі

Тіл білімінде фразеологизмнің зерттелу тарихы өте тереңде жатыр. Француз фразеологиясы теориясының негізін құрған Ш.Балли болса, орыс тілші-ғалымы Н.М. Александров оны жеке пән ретінде қарастыруды ұсынды. [2, 32]. Ал қазақ тіл білімінде алғаш рет С.Аманжолов фразеологизмді зерттеуді қолға алу керектігін алға тартты [3, 251].

Ағылшын тілінің қазақ тіліне ұқсамайтын өз ерекшеліктерінің болуы аталған екі тілдің туыстас емес тілдер екендігіне байланысты екендігі белгілі. Дегенмен, назарға алынып отырған ағылшын және қазақ тілдерінің сөздік қорынан мағыналық жағынан барынша жақын болып келетін мысалдардың да жеткілікті екендігін байқаймыз. Осы себеппен тұрақты тіркестің мағынасы барынша жақын, сай келсе және екі тіл арасындағы бір сөз бірдей мағынада жұмсалса, онда біз сәйкес балама деп есептеп, тілдік бірліктер арқылы дәлелдеуге тырысамыз. Мәселен, «To make a lie truth» деген ағылшын тіліндегі тұрақты тіркеске ана тіліміздегі «өтірікті шындай қылу» фразеологизмі толық балама бола алады. Бұл тұрақты тіркестің сөзбе-сөз аудармасы – «өтіріктен шындық жасау» мағынасын береді. Осы сипаттағы тілдік жағынан да, мағыналық жағынан да бір-біріне толық сәйкес келетін мағыналас «өтірікті судай сапыру» және «өтірікті қардай борату» деген де тұрақты тіркестер тілімізде кездеседі.

Келесі бір мысалға «To be blood stained – қан-жоса болу» тұрақты тіркесін аламыз. Әр сөзді жеке-жеке талдасақ, «to be-болу», «blood-қан», «stain-дақ», яғни сөзбе-сөз аудармасы «қан мен дақтың ішінде болу» мәнін беретін аталған тұрақты тіркес «қан жоса болу» деген мағынаға сәйкес. Мұндағы «қан» дегеніміз барлығымызға түсінікті «адам ағзасында болатын қызыл түсті сұйық зат» екендігі белгілі, ал жоса дегеніміз – қызғылт-сарғыш түсті бояу топырақ болып табылады [4, 23].

Келесі бір мысалға «To break iron by nick – тепсе темір үзу» балама тұрақты тіркесін талдауға аламыз. Мұндағы компоненттерге назар аударсақ, «to break – бұзу, сындыру», «iron - темір, үтік», «by nick - лақапат, ұрлау, ұстап алу, кесіп алу» секілді мағыналары бар сөздерден құралғанын көреміз. Бұл жерде екі тілге де ортақ, тура мағынадағы «темір» сөзі кездесетінін көреміз. Осы мағыналас «Темірді ұстау арқылы сындыру», «тепсе темір үзер» тұрақты тіркестер арқылы төзімді, батыл, мықты адамдарды сипаттау үшін қолданылатыны белгілі.

Сонымен қатар «Without defect - тал мойында бір мін жоқ». Ағылшын тіліндегі сөздің сөзбе-сөз мағынасы «мінсіз» деген сөз, ал қазақ тіліндегі тұрақты тіркес ретінде «тал бойында бір мін жоқ» деген керемет теңеу арқылы толық баламалылығы сәйкес келе алады. Қазақ ертеден «Бір міні жоқ тал шыбықтай бойында» деп қыздарға ән шырқап, жыр жырлаған. Бұл мадақ теңеу сөз арқылы қыздың ақылы мен көркі бір-біріне сай болған кезде айтылады.

«Keep ones nose to the grindstone - мұрнынан шаншылып жүру» сәйкес баламалығын қарастырайық. Мұндағы бірінші «keep» сөзінің сөзбе-сөз мағынасы «сақтау, ұстау, бір нәрсені иелену, сақтау немесе қорғау» әрекеттерін білдіреді. «Ones, one» бір деген сөз “to be” болу етістігі, яғни сөздің аудармасы «біреудің, бір адамның немесе жаратылыстың иелігінде болу» мәніне сәйкес келеді. «Nose-мұрын», «grindstone- ұнтақ тас» сөздеріне сөзбе-сөз аударма жасасақ «мұрынды ұнтақтастарда ұстау» деген мағынаға сәйкес келеді [5]. Бұл жерде нақты толық баламалық деп тапқан себебі «мұрын» сөзінің екі тілдегі тіркесте де кездесуі және мағына жағынан да екі тіркесте де «бос болмау» дегенді білдіретін сөздердің кездесуі болып табылады.

«Be in somebodys pulse - тамыр болу» толық баламалы тіркестерін қарастырайық. Мұндағы «be - болу», «in - белгілі бір заттың ішінде мәнін беретін демеулік», «somebody - біреу», «pulse- тамыр» мағыналарын береді. Бұл тұрақты тіркестер де өзара толық балама бола алады. Бұл тіркестегі компоненттер өзара мағыналық жағынан сәйкес келеді. Мұндағы тамыр сөзінің негізге мағынасы — жақсы жолдас, қимас, сыйлас дос-жаран болу. Қазақ халқы ежелгі

дәстүр бойынша құшақтасып, төс қағысып дос болған. Бұлар бір-бірінің қуаныш-ренішіне ортақ, қашан да бір-біріне көмекші, қамқор, тату болуға міндетті делінеді.

«Have a ready tongue - тілге жүйрік болу» тұрақты тіркесіне назар аударайық. «Have - бар болу» деген мағынасын береді. Ал «ready - дайын» және «tongue-тіл» мәндеріне сәйкес келеді. Егер тура сөзбе-сөз аударма жасасак, «дайын жауабы, айтатын сөзі болу» деген мағына береді.

Ал «A heart of stone -тас жүрек» тұрақты тіркестерінің баламалығы туралы айтар болсақ, сөзбе-сөз аудармасы «A heart - жүрек», «stone - тас», яғни сөзбе-сөз баламасы «тастан жасалған жүрек» мағынасын береді. Біздің ұлттық мәдениетте қатал, сезімі жоқ, мейрімділіктен жұрдай адамдарды тас жүрек деп атайды.

«Walls have ears» деген ағылшын тіліндегі тұрақты тіркестің беретін мағынасына үңілсек, «жасырын ештеңе жоқ» деген мағынаны береді. Осы мағыналас қазақ тілінде «үй – өзімдікі деме, үй артында адам бар» тұрақты тіркесі кездеседі. «Walls have ears» тұрақты тіркесінің сөзбе-сөз мағынасы «қабырғаның да құлағы бар» дегенге келеді. Осы мәндес тұрақты тіркестер қазақ тілінде бірнеше нұсқада кездеседі. Мысалы, «Жер екеш жердің де құлағы бар» тұрақты тіркесі кездеседі. Алынған екі тілдегі фразеологизмдерге ортақ лексикалық компонент «ears-құлақ» тілдік бірлігі болып табылады. Алайда, дана қазақ халқында бұл тұрақты тіркес үшін тағы бір балама кездеседі. Аталған нұсқасында «Ел құлағы елу» тұрақты тіркесі түрінде ұшырасады. Дегенмен, біз осы соңғы нұсқадағы тұрақты тіркесті толық балама ретінде қабылдай алмаймыз, өйткені беретін мағыналары ұқсас болғанымен, тілдік бірліктер арасындағы мағына дәлдігі алшақтаған, бір-бірінің аудармасы бола алатын компоненттер де кездеспейді.

Келесі, «flesh and blood » тұрақты тіркесінің тура аудармасы «flesh-ет» және «blood-қан», ал қазақша мағынасы «қан мен сүйек, қанына тарту, қаны бір» деген тұрақты тіркестермен мәндес болып келеді. Біз бұларды толық балама бола алады деп есептейміз, өйткені екі тілдегі тұрақты тіркеске де ортақ компонент өз мағынасында қолданылып тұр. Мұндағы қан сөзі бір атадан туылған балаларға қатысты, туыстық жақындықты білдіру мақсатында қолданылып тұр. Екі тілде осы тұрақты тіркестің адамзат деген мағынасы бар. Сөздің түпкі мағынасын зерттесек, барлық адам ет пен қаннан жаратылғандығына байланысты осы тұрақты тіркесті қолданған деген пікірге келеміз.

«Be somebody to the bone» тұрақты тіркесінің сөзбе-сөз аудармасы «сүйекке дейін біреу болыңыз» деген мағынаны береді. Осы тұрақты тіркеспен мәндесетін қазақ тілінде «сүйегіне сіңген» тұрақты тіркесі кездеседі. Бұл жерде екі тілге де ортақ «сүйек» сөзі кездесіп тұр, ал беретін мағынасы үйреншікті болған, әдетке айналған, дағдыланып кеткен деген мағыналармен сәйкес келеді.

Келесі, тұрақты тіркес «grow up» деп аталады. Оның қазақ тіліндегі мағынасы «өсу» деген мәнді білдіреді. Бұл тұрақты тіркесте «grow» - етістік болса, «up» демеулік болып табылады.

Тіл мен мәдениет - халық дамуындағы ұрпақтан - ұрпаққа беріліп отыратын ұлттық құндылықтар жиынтығы. Әр ұлттың ана тілінде оның бүкіл тарихы, өмірі, рухани дүниесі, әдебиеті мен мәдениеті бейнеленеді.

Екі тілдегі фразеологиялық бірліктерді салғастыра талдау барысында олардан ұлттық дүниетаным ерекшеліктері мен ұқсастықтары бар екені анықталды. Ұлттық дүниетанымның ерекшелігі, оның тілдегі көрінісі тіл иелерінің өз даму тарихына, табиғи ортасы, салт - дәстүрі, тұрмыс - тіршілік, шаруашылық түрлері т.б. жағдайларына байланысты деп білеміз.

Осы зерттеу барысында біз назарымызға жоғарыда алынған тұрақты тіркестерді алып, туыстас емес халықтар тіліндегі тұрақты тіркестердің өзара толық баламалығына тоқталдық. Бұл баламалардың толық балама бола алу себептерінің бірі түрлі тілде сөйлесе де адами болмысқа қатысты ақпараттардың өзара сәйкес келуінде деген тұжырымға келеміз. Аталған

тіркестердің қашан және қалай пайда болғандығы, қазақ және ағылшын тіліндегі ерекшеліктері мен қолданысын сараптауға талпыныс жасалды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Болғанбайұлы Ә, Қалиұлы Ғ. Қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 1997.
2. Уәли Н. Фразеология және тілдік норма. Алматы, 1998.
3. Қалиев Ғ., Болғанбаев Ә. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен фразеологиясы. Алматы, 2006.
4. Смагулова Г. Қазақ фразеологиясы лингвистикалық парадигмаларда. Алматы, 2003.
5. <https://woordhunt.ru/word/grindstone>. WoordHunt сөздігі